

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова*

СЫБДЫРЫ СҰЛУ , АЛТЫН КҮЗ!»

(Ересек «Ер Төстік » тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



*Тәрбиеші:Ходжа-Ахметова К
Ыбраева И*

Таушық ауылы, 26.10.2023 жыл.

Жүргізуші:

Армысыздар қадірлі ата-аналар мен апайлар! Бүгінгі біздің «Күншуақ» бөбекжай-бақшамызда «Ер Төстік» тобы бүлдіршіндерінің өткізгелі отырған «Арайлы алтын күз» атты мерекелік ертеңгілікке қош келдіңіздер! Берекелі, мерекелі алтын күз мерекесі құтты болсын! Қасиетті жылдың төрт мезгілінің бірі болған алтын,сары,қызыл түс күз мезгілін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Алтын күз дегеніміз - жазира даланың дархан дастарханы. Күз дегеніміз - байлық, молшылық.Ендеше, Алтын күз мерекесімен баршаңызды құттықтай отырып,ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймыз.

Күз мейрамы құтты болсын баршаға,
Күздің сәні келіп қапты алқаға.
Алғашқы құттықтау сөз мәресіне,
Басшымызды шақырамыз ортаға.

А.Ерболатқызына сөз кезегін береміз.

Жүргізуші:

Қош келдіңіз көрермен,
«Алтын күздің» кешіне.
Отырыңыз қол соғып,
Шат күлкіге бөлене.
Көбейді құт - береке,
Астық толы қоймамыз.
Құтты болсын мереке,
«Алтын күзді» тойлаймыз.

Ендеше, бүгінгі алтын күзге қатысушы бүлдіршіндерді ортаға шақырайық.

(ортаға балалар жұптасып кіреді)

Жүргізуші: Олай болса,

Мерекесі халықтың
Алтын күзді бастайық
Алтын күзге арналған
Ән шашуымызды арнайық.

Хор: «Алтын күз»



Жүргізуші:

Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл жарқын күз
Сары алтынға малынған,
Жетгі міне алтын күз!-дей отырып ортаға алтын күзге арналған жыр-
шумақтарымен балаларды шақырамыз.

(Ханшайым,Б.Аяна,Райана,
Медина,Кәусар,Ақбөбек,С.Әлинұр,А.Әлинұр,Жарас)

Ханшайым:

Алтын,сары,қызыл,көк
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Б.Аяна

Бәрекелді күз келді
Мерекелі күз келді.
Кел жемісті Алтын күз!
Кемелденсін халқымыз.

Жарас:

Көрініп еліме,
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.

А.Әлинұр

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жинауға,
Шақырады біздерді.

Райана:

Күз келгенде тамаша
Ән саламыз жараса
Жеміс жидек піскенде
Жейміз оны таласа.

С.Әлинұр

Күзім-ау,күзім-ау,
Мінезің бұзық ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық ау.

Медина:

Қамба толды астыққа
Алғыс саған Алтын күз.
Бір уыс дән шаштық та,
Қап-қап дәм алдық біз.

Ақбөбек:

Жайдарлы күз, жомарт күз.
Аяулы күз, алтын күз.
Дәнге толы кең далам,
Дариядай шалқып жүр.

Кәусар:

Ән салыңдар, күліңдер
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Күздің тойын тойлайық.
Би билейік, ойнайық.

Жүргізуші:

Бүгін мейрам, бүгін той.
Қуанышты күн біліп қой.
Күзгі бақтай сыңғырлап,
Алақанды соғып қой, деп ортаға биші қыздарымызды қошеметтеп
«Бүлдірген» биімен шақырамыз.

Би: «Бүлдірген»

(Асма, Айша, Асылай, Аянат, Аяна, Альфия)

Жүргізуші:

Балабақша бағында,
Сайраңдаймыз жанында.
Нақ өзіндей бүлдіршін,
Көп достардың жанында, -деп біздің әнші қыздарымызды «Балабақша»
әнімен қарсы алыңыздар.

Ән: «Балабақша»

(Б.Аяна,Хаеншайым,Райана,Ақбөбек,Аянат)

Жүргізуші:

Тамсанып біз қараймыз

Бишілерімізге бүгінгі.

Көрейікші ал қане,

Жігіттердің өнерін, деп-ортаға бір топ биші жігіттерімізді «Қызыл раушан» биімен қарсы алыңыздар.

Би: «Қызыл раушан»

(Азат,Ақансері,Нұрәлі,Нұрхан,Мансур,Нартай)

Жүргізуші:

Ғалам жайлы ғажап сырлар шертеді,

Ертегіні жақсы көрем мен тегі-деп балалардың дайындаған« Ұр Тоқпақ»



ертегісін тамашалаңыздар.

Көрініс «Ұр Тоқпақ»

(Нұрхан,Кәусар,Медина,Аршат,Жарас,Нартай,Әлинұр,Ақансері,Азат, Нұрәлі)

Жүргізуші:

Балдырғандар бүгінгі

Еркелігін тастайды.

Күз туралы сіздерге

Тақпақтарын бастайды-деп өлең шумақтарына кезек береміз.

Бакжет:

Жемісі мол теретін.

Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін

Жомарт екен күз деген.

Асма:

Сап-сары тоғай,

Сап- сары маңай

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Айша:

Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді.

Мүслім:

Алақай, алақай,
Шаттанды балақай
Береке салты күз,
Мереке Алтын күз.

Асылай:

Бүгін мейрам, бүгін той
Қуаныш күн біліп қой
Күзгі бақта сыңғырлап,
Алақанды соғып қой.

Алфия:

Күз келді, күз келді.
Аспанға бұлт енді.

Жүргізуші:

Көйлегінің желегін
Желбіреткен өренім
Дөңгелетіп билендер,
Өрлей берсін өнерің, - деп мың бұралып билеген биші қыздарымызды қарсы алыңыздар.

Би: «Тауыс».

(Ханшайым, Райана, Ақбөбек, Медина, Аршат, Амина, Кәусар, Аяна)

**Жүргізуші:**

Сұрғылт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып дымқыл тұман жерді басқан,-деп Абай атамыз жырлағандай балалардың кезекті күз туралы жыр-шумақтарына кезек береміз.
(Мансур,Азат,Аршат,Ақансері,Нұрхан,Нартай,Нұрәлі,Амина,Аянат)

Мансур:

Келді міне Алтын күз
Сары шашты жарқын күз.

Аршат:

Қарашы күз келді,күз келді
Жапырақ жауыпты іздерді
Құс біткен керуен тізеді
Қара бұлт қабағын түйеді.

Нұрхан:

Мейірлі күз,мырза күз
Сыйлығыңызға ризамыз.
Аппақ арай таңында
Шомыламыз нұрға біз.

Нартай:

Күзде піскен егінді
Жинап алып ас қылған
Аман болсын ел-жұртым
Тыныш болсын Отаным.

Аянат:

Көк аспаның мөлдіреп
Алтын күздің елжіреп.
Асыр салып жүре бер
Сары көйлегің желбіреп.

Жүргізуші:

Бүгін бәрі ерекше
Бишілерде өнер көп
Құрылысшы боп билейді
Ортамызға ұлдар кеп,-дей отыра құрылысшы ұлдарымызды әсем биімен шақырамыз.

Би: «Құрылысшылар»

(Жарас,Хафиз,Мүслім,Әлинұр,Әлинұр,Нұриман,Бакжет)

Азат:

Көктемде егін егетін
Күзде жиып беретін
Біздің дала,бай дала
Алтын астық айнала

Ақансері:

Жапырақ ұшты,
Суық та түсті
Сонда да бізге
Қызық көп күзде.

Нұрәлі:

Күздің қазан айында
Алма,алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Амина:

Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет тамаша
Қандай әсем күз.

Жүргізуші:

Әсем әуен салдырған
Сәбилер де алғыр жан
Бал дәуреннің қызығын
Есте қалар балдырған.
Кезегімізді әнге берейік.

Хор: «Сары күз»

Жүргізуші:

Берекелі бақ дәулет, арта түссін тойланып
Сау болындар қонақтар, келгенше жыл айналып.



